

**1995 жылы туған Индер ауданының азаматтарын 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Атырау облысы Индер ауданы әкімінің 2012 жылғы 16 ақпандағы № 8 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 ақпанда № 4-6-125 тіркелді. Күші жойылды - Индер ауданы әкімінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 16 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Индер ауданы әкімінің 2012.03.26 № 16 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 16, 17 баптарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысын басшылыққа алып **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылдың қаңтар–наурыз айларында Атырау облысы Индер ауданының тіркеу жылы он жеті жасқа толатын 1995 жылы туған еркек жынысты азаматтарды, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеу жұмыстары ұйымдастырылып жүргізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ә. Балахметовке** жүктелсін.

3. Шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Сарсенғалиев*